

**2023-2024 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Павлодар облысы әкімдігінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 255/3 қаулысы.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2023-2024 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Байханов*

Павлодар облысы әкімдігінің  
2023 жылғы 16 қазандағы  
№ 255/3 қаулысына  
қосымша

**2023-2024 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Павлодар облысы әкімдігінің 11.12.2023 № 317/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

№	Кадрларды даярлау бағытының коды мен топтастыруы	Кадрларды даярлау бойынша клиникалық мамандықтар атауы	Оқыту нысандары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орындар, гранттар саны)	Бір оқушыны (маманды) оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	7R011 Денсаулық сақтау	Акушерия және гинекология ересектердің, балалардың	1	1398900,0
2	7R011 Денсаулық сақтау	Кардиология ересектердің, балалардың	12	1398900,0
			4	1939900,0

3	7R011 Денсаулық сақтау	Неврология ересектердің, балалардың	5	1398900,0
4	7R011 Денсаулық сақтау	Онкология ересектердің	1	1398900,0
5	7R011 Денсаулық сақтау	Ревматология ересектердің, балалардың	2	1398900,0
6	7R011 Денсаулық сақтау	Ангиохирургия ересектердің, балалардың	3	1398900,0
7	7R011 Денсаулық сақтау	Радиология	5	1398900,0
8	7R011 Денсаулық сақтау	Дене медицинасы және оңалту ересектердің, балалардың	2	1398900,0
9	7R011 Денсаулық сақтау	Гастроэнтерология ересектердің, балалардың	1	1398900,0
10	7R011 Денсаулық сақтау	Нефрология ересектердің, балалардың	3	1398900,0
11	7R011 Денсаулық сақтау	Жалпы хирургия	4	1398900,0
			2	1939900,0
12	7R011 Денсаулық сақтау	Нейрохирургия ересектердің, балалардың	3	1398900,0
13	7R011 Денсаулық сақтау	Офтальмология ересектердің, балалардың	1	1398900,0
14	7R011 Денсаулық сақтау	Клиникалық лабораториялық диагностика	1	1398900,0
15	7R011 Денсаулық сақтау	Сот-медициналық сараптама	1	1398900,0
Барлығы:			51	